ТЕКСЕРІЛДІ:
әдіскер Д.Б.Мұхаметьярова

_______________
08.11.2024 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің**
**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

**Мектепке дейінгі ұйым:** «Балажан» б/балабақшасы
**Топтар:** «Звездочки» ересек тобы
«Лучики» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар
**Жоспар қандай кезеңге жасалды:** 11.11 – 15.11. 2024 жыл (2-апта)

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі**<br>**11.11** | **Сәрсенбі**<br>**13.11** |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау.<br>Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Бұлбұл» күйі<br>https://zvyki.com/song/125157914/B_lb_l_-_11_Dina/ **(«Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша)** | |
| «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті | **Ересек топ**<br>Тақырыбы:<br>«Мен жақсы көремін»<br>Міндеттері:<br>қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ;<br>қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.<br>**«Амандасайық» жаттығуы**<br>**Бейнежазба көру** «Менің отбасым»<br>**Есте сақтайық**<br>Отбасы<br>Жақсы көремін<br>**Тыңда қайтала**<br>Бұл – менің анам.<br>Мен анамды жақсы көремін. | **Мектепалды тобы**<br>Тақырыбы: «Менің досым»<br>Міндеттері:<br>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету;<br>сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру;<br>диалогке қатысуға үйрету.<br>**Әңгімелесу**<br>Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнай ма?<br>Дос дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Есте сақтайық**<br>Дос |

| | | |
|---|---|---|
| | Бұл – менің әкем.<br>Мен әкемді жақсы көремін.<br>Бұл – менің атам.<br>Мен атамды жақсы көремін.<br>Бұл – менің әжем.<br>Мен әжемді жақсы көремін.<br>**Сұраққа жауап бер**<br>Сен кімді жақсы көресің?<br>**Тыңда.**<br>**Отбасың туралы айт.**<br>Бұл – менің отбасым. Бұл – менің әкем.<br>Оның аты – Әділбек.<br>Бұл – менің анам.<br>Оның аты – Жансая.<br>Бұл – менің інім.<br>Оның аты – Айдар.<br>Мен отбасымды жақсы көремін.<br>**Рефлексия:**<br>Балалардан не ұнағанын және не үйренгенін сұрау.<br>**<u>Мектепалды тобы</u>**<br>Тақырыбы:<br>«Менің отбасым»<br>Міндеттері:<br>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету;<br>сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру;<br>диалогке қатысуға үйрету.<br><br>**Әңгімелесу**<br>Балалар, отбасы дегенді қалай түсінеміз?<br>Отбасы дегеніміз – бұл ата-ана, бауырлар мен жақын адамдар. Біз отбасы мүшелерімен бірге өмір сүріп, бір-бірімізге көмектесеміз, | Жақсы<br>**Тыңда, қайтала**<br>Бұл – менің досым. Оның аты – Айбек. Ол күшті. Ол бес жаста.<br>Бұл – менің досым. Оның аты – Айдын. Ол ақылды. Ол – жақсы дос.<br><br>**Сұрақтарға жауап бер.**<br>Айбек неше жаста?<br>Айбек қандай?<br>Айдын қандай?<br>**Үлгі бойынша сөйлес.**<br>Ратмир, сенің досыңның аты кім?<br>Бұл – менің досым.<br>Оның аты кім?<br>Оның аты – Ақылбек.<br>Ол неше жаста?<br>Ол бес жаста.<br>Ол қайда барады?<br>Ол балабақшаға барады.<br>Ақылбек қандай?<br>Ақылбек – ақылды, күшті.<br>**Қорытынды:** Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу. |

| | | |
|---|---|---|
| | қамқорлық жасаймыз.<br>Сенің отбасыңда кімдер бар?<br>**Есте сақтайық**<br>Отбасы<br>Кімді<br>Жақсы көремін<br>**Тыңда қайтала**<br>Бұл – менің анам. Менің анам әдемі. Мен анамды жақсы көремін.<br>Бұл – менің әкем. Менің әкем күшті. Мен әкемді жақсы көремін.<br>Бұл – менің атам. Менің атам ақылды. Мен атамды жақсы көремін.<br>Бұл – менің әжем. Менің әжем әдемі. Мен әжемді жақсы көремін.<br>**Сұраққа жауап бер**<br>Сен кімді жақсы көресің?<br>**Тыңда.**<br>**Отбасың туралы айт.**<br>Бұл – менің отбасым. Бұл – менің әкем. Оның аты – Әділбек. Ол күшті.<br>Бұл – менің анам. Оның аты – Жансая. Ол әдемі.<br>Бұл – менің інім. Оның аты – Айдар. Ол ақылды. Мен отбасымды жақсы көремін.<br>**Суретпен жұмыс**<br>Бұл кімнің отбасы?<br>Бұл – менің отбасым.<br>**«Отбасындағы рөлдер» ойыны**<br>Мұғалім балаларға әр отбасы мүшесінің рөлі туралы айтып береді (мысалы, әке жұмыс істеп, отбасын асырайды, ана үй шаруасын жасайды, балалар оқиды, ата-әже ақылшы болады т.б.).<br>Балалар осы рөлдерді ойнап көрсетеді. Әр балаға әр отбасы мүшесінің рөлін ойнауға мүмкіндік беріледі.<br>**Қорытынды:**<br>Отбасы – бұл біздің өміріміздегі ең жақын | |

| | | |
|---|---|---|
| | адамдар. Біз бір-бірімізге қамқор болып, көмектесуіміз керек. Балаларға: "Сендер өз отбастарыңды жақсы көресіңдер ме? Неге?" деген сұрақ қойылады. Әр бала өз отбасы туралы жылы сөз айтады, мұғалім белсене қатысқаны үшін мақтайды.<br>**Рефлексия:**<br>Балалардан не ұнағанын және не үйренгенін сұрау. | |
| Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ертегі рөлдерін дайындау) | **Ересек топ:**<br>**Саусақ жаттығуы** «Отбасы»<br>Бас бармағым — атам,<br>Балан үйрек – әжем,<br>Ортан терек – әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкентай бөбек – мен,<br>Бұлардың барлығы менің отбасым.<br>**Мектепалды даярлық**<br>**«Қай асық жетпей тұр?» ойыны**<br>Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады<br>**(«Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша)** | **Мектепалды даярлық**<br>**Үлгі бойынша сөйлес.**<br>Ратмир, сенің досыңның аты кім?<br>Бұл – менің досым.<br>Оның аты кім?<br>Оның аты – Ақылбек.<br>Ол неше жаста?<br>Ол бес жаста.<br>Ол қайда барады?<br>Ол балабақшаға барады.<br>Ақылбек қандай?<br>Ақылбек – ақылды, күшті.<br><br>«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні сөзін жатттау **(«Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша)** |